The method of in-depth interviews confirmed its relevance for analyzing narratives and studying the balance of positive and negative effects in the practice of combining parenthood and work. Perhaps this is because face-to-face communication during an interview makes it possible for researchers to isolate the narratives of interest, while focus group communication sharply limits the expression of personal assessments and does not allow participants to build detailed personal histories. Nevertheless, we consider it expedient to use the mix of focus groups and in-depth interviews at the main stage of the study, given the technology of managing focus groups is improved.

Acknowledgements

The research was supported by the grant of the Russian Science Foundation, RSF (project No. 22-18-00614), "Researching the Impact of Digital Employment on Fertility and Parental Well-Being".

References

1. Белановский, С. А. Метод фокус-групп [Текст] / С. А. Белановский. – М. : Магистр, 1996. – 272 с.
2. Child and parental wellbeing during the covid-pandemic [Text] / I. Naumann, J. Sakali, E. Ribe [et al.]. – Edinburgh : University of Edinburgh, 2022. – 18 p.
3. Newland, L. A. Family well-being, parenting, and child well-being: Pathways to healthy adjustment [Text] / L. A. Newland // *Clinical Psychologist*. – 2015. – Vol. 19, iss. 1. – P. 3–14.
4. Margolis, R. Parental well-being surrounding first birth as a determinant of further parity progression [Text] / R. Margolis, M. Myrskylä // *Demography*. – 2015. – Vol. 52, iss. 4. – P. 1147–1166.

5. Hanappi, D. Job insecurity and parental well-being [Text] / D. Hanappi, O. Lipps // Demographic Research. – 2019. – Vol. 40. – P. 897–932.
6. Roeters, A. Child care time, parents' well-being, and gender: Evidence from the American time use survey [Text] / A. Roeters, P. Gracia // Journal of child and family studies. – 2016. – Vol. 25, iss 8. – P. 2469–2479.
7. Sahu, K. Psychological well-being and quality of parenting among children of single parent family [Text] / K. Sahu // Indian Journal of Health and Wellbeing. – 2016. – Vol. 7, iss. 5. – Art. no. 532.
8. Stewart, D. Focus groups: theory and practice [Text] / D. Stewart, P. Shamdasani. – Thousand Oaks : SAGE, 2014. – 188 p.



ҒТАМЖ 04.51.51

**А.Т. Кадирғалиева, магистр, аға оқытушы,
Г.О. Насурлаева, магистр, оқытушы
Л.А. Рамазанова, магистр, оқытушы
Шымкент университеті,
Мирас университеті
Шымкент қаласы**

Қазақ ойын-сауығының негізгі міндеттері мен топтастырылуы

Түйіндеме. Бүгінгі күні мәдениеттану саласындағы көппікірлік оның негізгі ұғымдары туралы да бір ойға келтіре алмай отыр. Сондықтан авторлар ішіндегі ортақ пікірді қолдай отырып ғалымдар дүниені игеру мен өзгерту міндетін бастапқы міндет деп белгілейтіндігі туралы айтылады.

Аннотация. Сегодня многообразие мнений в области культурологии не позволяет задуматься о ее основных понятиях. Поэтому, поддерживая распространенное среди авторов мнение, говорят, что ученые определяют задачу освоения и изменения мира как первостепенную задачу.

Abstract. Today, the diversity of opinion in the field of cultural studies does not allow us to think about its main concepts. Therefore, supporting the common opinion among the authors, it is said that scientists define the task of mastering and changing the world as the primary task.

Кіріспе

Ойын-сауықтық мәдениет рухани өмірінің компоненті болғандықтан, оның басқада салаларымен, түрлерімен байланысы бар. Сондықтан ойын-сауықтық мәдениет мәдени құбылыстардың көбіне тән міндеттерді қоса атқарып, ерекше әлеуметтік әрекет ретінде өзіндікте міндеттерге ие. Мәдени құбылыс ретінде ойын-сауықтар мәдениетке тән міндеттер атқарады.

Нысан және әдіс

Бұл орайда мәдениет міндеттері рухани мәдениет тұрғысынан қаралып, оның да көп міндетті екендігін айту қажет. Бүгінгі күні мәдениеттану саласындағы көппікірлік оның негізгі ұғымдары туралы да бір ойға келтіре алмай отыр. Сондықтан көптеген авторлар ішіндегі ортақ пікірді қолдай отырып ғалымдар дүниені игеру мен өзгерту міндетін бастапқы міндет деп белгілейді. Бұл міндетті басқа авторлар өзгеше атағанымен оның басты мағынасы бір.

Зерттеу нәтижесі

Бірінші міндет-білім мен рухани шығармашылық негізінде жаңа нормалар мен құндылықтар туындауы ол дүниені игеру мен өзгертудің бір саласы ғана болады.

Қазақтың ойын-сауықтық мәдениет әрекеттер табиғатты игеріп, қоршаған ортасы мен бірге өзінің дүниетанымын, жеке шығармашылығын дамытып өзгертуге арналған.

Екінші міндет - қарым-қатынас жасау болып табылады. Бұл міндет адамның әлеуметтік қажеттілігі. Әр адамның рухани дамуы мен шығармашылық қабілеттерінің шыңдалуы қарым-қатынас жасауына байланысты. Ол қарым-қатынасты биологиялық, әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан ұйымдастыру мақсатында адамзат тіл, түрлі белгілерді, өнерді, ғылыми және философиялық ілімдерді қалыптастырып бір-бірін ұғынысуға мүмкіндік алды. Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастар қалыптасуы түрлі кедергілерге ұшырап тіл табысуы ұзақ мерзімді әрекеттерді талап етеді. Салт-дәстүрлік қуаныш, ортақ сезім ұғынысуға, түсінісуге, мазмұндық белгілердің танымалдығына әсер етіп, жеке тұлға мен әлеуметтік топ арасында қолайлы қарым-қатынас қалыптасуына ықпал етеді.

Үшінші міндет - мәдени ақпаратты жинақтау, сақтау және жалғастыру. Мәдениет өмірлік құбылыстар жөніндегі информацияны уақыттар мен кеңістіктерден асырып қана қоймай, оларды сақтауға, жинақтауға, жүйелеуге де әсер етеді. Мәдениетті сақтаудың бастапқы түрі жадыға сақтау. Аңыз, әңгімелер мен жыр, толғаулар арқылы өткен уақиғалар мен құндылықтарды танысақ, рәсімдер мен әдет-ғұрыптар арқылы өткеннен бүгінгі күнге жетіп отырған қоғамдық қатынастар нормаларын білеміз.

Жадыға сақталған ақпарат иесінің мүмкіндігіне, оның рухани көзқарасына тәуелді. Құндылық иесі өмірден өткенде мәдени информация жойылады немесе ұрпаққа жәукемделіп жетуінің себепшісі болуы мүмкін. Жазу пайда болуы мәдениеттің сақталуына революциялық әсер етті. Жеке тұлға психикасы информацияны тұтас жадыға сақтау қажеттілігінен босатып, жасампаздыққа шығармашылықпен шұғылдануға ерік беріді. Баспа жұмысын игеру жазу еңбегінің әсерін ұлғайтты. Енді қоғам санасына ықпал жасау жеке адам ғана емес баспа туындыларының да үлесіне тиді. Интернет байланыстарының ықпалы өз алдына информациямен қызмет ету қоғамның басты мақсаттарының біріне айналды. Парасатты адамға іспеттес, қоғам да өз өткенін сақтап әлеуметтік сананы реттейді. Ұлттық сананы қалыптастырып, жетілдіруге атадан мұра болып сақталған, ғасырлар елеуінен өтіп, заманына сай өзгерістер енгізіліп жалғасын тауып отырған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан мәдениеттің жинақтау, сақтау, жалғастыру міндеттерінің дәлелін табамыз.

Төртінші міндет-сигникативтік міндет. Э.В.Соколов айтуынша "Бұл міндет бір жағынан адамның парасаттылығына, екіншіден, адамзаттың әлемдік сипатына байланысты" [1, 123 б.]. Бұл міндет дүниетануда, оның тұтас бейнесін жасауда тіршіліктің белгілер жүйесін жасауын қамтиды. Көзге көрінер және қиялдағы дүниені сипаттайтын мағына, белгі, атау, құндылықтарды туындататын мәдениет. Оларды игеру арқылы адам, адамзат мағыналы өмір сүре алады. Бір жағынан олар материалдық: дүние, сурет, қимыл т.с.с., екіншіден, олар белгі ретінде қалытасып, адамның санасында ғана орын алады. Материалдық мағыналар жойылуы мүмкін (ескіру, күйреу, т.с.с), ал ой-қиялдағы мағына мәңгілік. Салт-дәстүрлік әрекеттерде материалдық та, ой-қиялдағы мағыналар да орын алады. Жас келінге отқа май құйғызып Ұмай ана қамқорына алуға себепкер болады деп сенген. Мәдени мағыналарға түсініктеме беру, оларды қоғамдық айналымға енгізу әр халықтың, дәуірдің мәдени дамуының деңгейін байқатады. Баласы жоқ отбасы туралы Р.Снесарев «бедеуліктен құтылудың жолы оны екінші әйелге өткізу» деп келтіреді [2, 350 б.]. Әлеуметтендіру міндеті мәдени әрекеттер арқылы адамның өмірлік сатыларының бәріне байланысты қатаң атқарылады. Мәдениеттің әлеуметтендіру міндеті әр адамды өмір кезеңіне дайындап, мінез құлқын реттеумен шектелмейді. Экономикада қатынас негізі меншік, саясатта-билік, мәдениетте-нормалар, құндылықтар және мағыналар. Әр әлеуметтік саты мен топтарда өз нормалары, құндылықтары өмір-тұрмысында орын алады. Оларды қолдануға шектеулер қойылуы мүмкін. Мысалы, ғалымдар өміріндегі мәдени құндылықтар мен мәдени белгілер шаруа отбасына түсініксіз де қажетсіз болуы мүмкін.

Мәдениеттің әлеуметтендіру міндеті жүзеге асуы арқылы құндылықтар игеру арқылы бір әлеуметтік топтан екіншіге ауысу кездеседі, бірақ ол тек сыртқы белгі болып қалуы мүмкін. Өйткені мәдени нормалар мен мәдени мағаналар тек экономикалық немесе кәсіби белгі емес. Сонымен бірге ол мәдени нышан мен мағаналарға да байланысты. Статустық белгілер: мансап, шен, этикет-мәдени байланыстарға ықпал етуші факторлар. Өмір салты, киімі, тағамы, бос уақытын, демалысын өткізу формасы, көлігі жеке басының, отбасының

той-салтанатын атап өтуі-бәрі статустық символды айқындайды. Бұл туралы қазақтың белгілі ағартушысы Ы.Алтынсарин «даңқты қазақтар әрқашан өзінің басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысады, қазір де солай» деп көрсетеді [3, 58 б.]. Сол себептен көп факторлар ішінде ойын-сауықтық әрекеттер ауқымы, мазмұны, жұмсалған қаражаты, қамтылған информациясы қатынасушының әлеуметтік жағдайын, оның әлеуметтену мүмкіндігін білдіреді.

Рухани, психологиялық, физиологиялық апаттан сақтандырудың ең көне және күрделі әдісі - ойын-сауықтық мерекелер. Мереке өмірлік уақиғаны салтанатты атап өтуге арналып, адамдар әлеуметтік дәрежесіне қарамай бірдей тынығып, қатысып, қызығықтап алады. Ал әр түрлі рәсімдер арқылы қуанышты да, қайғылы да уақиғалар-науқандық жұмыс бастау, үйлену, жерлеу т.с.с.- уақиғалық сезімге ортақтасуға, ғасырлар бойы қалыптасқан шартты әрекеттерге араласып өз орнын табуға көмектеседі. Қайтыс болуға байланысты П.Маковецкий «әйелі өліп, еркек тұл қалса, қайын жұртына әйелінің сәукелесі мен бағалы заттарын қайтарумен оның марқұм зайыбының алдындағы бар борышы бітеді» деп көрсетеді [4, 64 б.].

Өнер туындыларын көру, тындау арқылы да адам тынығып, рухани жетіле алады. Сондай атақты шығармалар қатарына Италияндық қайта өрлеу заманының шедеврлерін алсақ та болады. Сонымен, ойын-сауықтық әрекеттер мен қатар, олардың құрамдас бөліктері: ойын, өнер жанрлары қоғамдық дағдарыстарды болдырмауға ықпал етеді екен. Әр қайсысының тәрбие мен қоса ағартушылық, информациямен қамтамасыз ету мүмкіндіктері жетіледі. Мәдениеттің алты міндеті де ойын-сауықтық әрекеттерден орын алып, мәдениеттің басты белгілерінің бірі екенін дәлелдеп отыр. Ойын-сауықтық әрекеттер халықтық болып туындап, ұлттық сипат алды. Сондықтан фольклордың бір жанры ретінде олар әр халық, ұлттың, дәуірдің, эстетикалық нормаларын сақтап, дамытып келеді.

Ал ойын-сауықтық әрекеттердің өзіндік міндеттері қандай? Мәдени құбылыс ретінде әлеуметтік топ, жеке тұлға, қоғамдағы көркем өнерге ықпалы мол. Біріншіден, ойын-сауықтық әрекеттер қоғамдық белсенділікті ынталандырады. Мемлекеттік, отбасылық мерекелік оқиғаларына үлесін қоспай, сырт қалатын адам кемде - кем. Мерекелік дастарқан дайындап, үйі мен киімін жөндеп, балаларына өлең жаттатып ешкімнің әмірінсіз өздігінен белсенділік танытады.

Екіншіден, ойын-сауықтар барысында жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар, қауымдастықтар арасында қарым-қатынастар ұйымдастырылады. Олар мәдени, эстетикалық құндылықтармен алмасу деп атаса да болады. Сауықтар мен мерекелер барысында адам күнделікті мінезінен бөлек әдептілік пен салтанаттық байқатады. Ол оның жүріс тұрысы, сөйлеген сөзі, өзгенің алдында ілтипат көрсетуінен байқалады. Эстетикалық құндылықтар мен алмасу белсенділіктің басты белгілерінің бірі. Сауықтарға қатынасушы өз ұлтының дәстүрлі мәдениетін насихаттау, мерекелік уақиғаға байланысты орындалған шығармашылық өнер арқылы әлеуметтік топ, жеке адам өз талғамын байқатып өмір құндылықтарын жария қылады.

Үшінші міндеті - ойын-сауықтық әрекеттер мазмұны арқылы көрермен мен қатынасушыларда бірлескен сезім туғызып, жадына сақтауға ықпал ету. Ойын-сауықтық дәстүрлік әрекеттердің басым көпшілігі деректі материалдарға сүйеніп, шынайы кейіпкер қатынасуымен немесе ойдан шығарылған кейіпкер туралы өтеді.

Қорытынды

Сонымен, көпфункционалы ойын-сауықтық және мерекелік әрекеттер жеке тұлға, шағын топ, қоғам өмірінің атаулы кезеңін дәріптеуге, сол ортананың мәдени тәжірибесін айқындауға, шыңдауға, ұрпақтар сабақтастығын тауып жалғастыруға арналады екен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Соколов Э.В. Статьи по истории культуры М.: Прогресс-Традиция, 1997
- 2 Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований в семейной обрядности у узбеков Хорезма.- М, 1969-355 б

- 3 Алтынсарин Ы. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку, Оренбург, 1879;
- 4 Маковецкий П. Қазақтың заң орнына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалары. 1886 ж жазылған. Қазақы неке: Аударған Б.Қожабекова-Алматы, Жалын, 1994.-64 б.
- 5 Вамбери А. Очерки жизни нравов Востока. СПб, 1877.- С.. 344-346



ҒТАМЖ 05.11.65

**С.Қ. Берікқожа, заң ғылымдарының магистрі,
тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы
Шерхан Мұртаза атындғы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

Оңтүстік Қазақстандағы (Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары) НЕЕТ- жастардың жұмыспен қамтылу перспективалары

Аңдатпа. Мақалада Оңтүстік Қазақстандағы НЕЕТ санатындағы жастар туралы ақпараттар жинақталады, олармен жүргізіліп жатқан жұмыстар талданады. Жастарға қатысты құқықтық актілер мен халықаралық тәжірибелер зерттеледі. Бұл жұмыс НЕЕТ-жастармен жұмыс жүргізудің басты іс-шараларын және оларды жұмыспен қамтылу перспективалары ашып көрсетіледі.

Аннотация. В статье собраны информации о молодежи категории НЕЕТ, так же анализируется работа проводящаяся с ними. Исследуются правовые акты и международные практики в отношении молодежи. Данная работа открыто показывает перспективы трудоустройства НЕЕТ-молодежи и основные мероприятия по работе с ними.

Annotation. The article summarizes information about young people of the NEET category in South Kazakhstan, analyzes the work carried out with them. Legal acts and international practices related to youth are studied. This work reveals the main activities of NEET-work with young people and the prospects for their employment.

Кілт сөздер: Оңтүстік Қазақстан, НЕЕТ-жастар, ұлттық жобалар, мемлекеттік жастар саясаты, еңбек ресурсы, жастар ресурстық орталығы, жұмыспен қамты, жастардың бос уақыты, жастар ұйымдары, ақпараттық жүйе.

Ключевые слова: Южный Казахстан, НЕЕТ-молодежь, национальные проекты, государственная молодежная политика, трудовые ресурсы, молодежный ресурсный центр, трудоустройство, свободное время молодежи, молодежные организации, информационная система.

Keywords: South Kazakhstan, NEET-youth, national projects, state youth policy, labor resource, Youth Resource Center, employment, youth leisure, youth organizations, Information System.

Кіріспе

Жастар мемлекет дамуының болашақ траекториясын анықтауда маңызды рөл атқаратын ел халқының ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені қазіргі уақытта осы санаттағы әлеуметтік-экономикалық, психологиялық әл-ауқат болашақта адами капиталдың сапасын анықтайды. Сонымен бірге, жастардың өмірлік ұстанымдары мен мақсаттарының сенімділігі мен тұрақтылығының, сондай-ақ олардың ересектер мен балалар арасындағы өтпелі кезеңнің жағдайында болуына байланысты жастар халықтың ең осал топтарының бірі, бұл жағдайда қалыптасу жолындағы кез-келген әсер, кедергілер мен тосқауылдар өмір сапасына теріс әсер етіп, сәйкесінше жастардың жалпы жағдайын нашарлатуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының қорытындысы бойынша 2022 жылдың II тоқсатынындағы статистикаға сәйкес еліміздегі жастардың жұмыссыздық деңгейі 3,8% (яғни 68 547 адам) құрады. Жастар жұмыссыздығы тек біздің елде ғана емес дамыған елдерде де өзекті. Олардың үштен екісінде жастар жұмыссыздығы 15% дейін жетеді.

Әлемдік қаржы дағдарысы, COVID-19, елдегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік трансформациялық үдерістері де маңызды. Мәселен, Таяу Шығыстағы тұрақсыздық, «Араб көктемі», посткеңестік кеңістіктегі түрлі-түсті революциялар, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы

тәртіпсіздіктер, Ресейдегі, бірқатар еуропалық елдері мен АҚШ-тағы наразылық акциялары жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейіне әсер етуде.

Осы жылдың басындағы «Қасіретті қаңтар» оқиғасы жастардың жұмыссыздық деңгейінің жоғары екендігін көрсетіп отыр.

ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек 2022 жылғы II тоқсандағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің өсімімен қатар Қазақстандағы NEET жастардың үлесі - барлық жастар санының 6,5% құрайды. Қазақстандағы NEET жастар үлесінің орташа саны 2021 жылы 6,9% құрады. Сонымен қатар, бірқатар облыстарда бұл көрсеткіш республикалық деңгейден жоғары.

NEET санатына жататын жастардың типтерін талдау, қоғамдық институттармен әрекеттесу деңгейін анықтау және NEET санатындағы жастардың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуы, жұмыспен қамту, сондай-ақ, жұмыссыздар арасында осы санаттың санын азайту.

Зерттеудің міндеттері:

- 1) NEET санатына жататын жастар санатын анықтау және талдау;
- 2) NEET санатындағы жастардың пайда болуының объективті және субъективті себептерін анықтау;
- 3) Еліміздегі жастар саясаты институттары мен ұйымдарының жастарды әлеуметтендіру бойынша қызметінің тиімділігін арттыру және NEET санатындағы жастардың санын азайту бойынша алдын алу шараларын әзірлеу;
- 4) әлеуметтік-экономикалық пассивтіліктің, масылдық пен жастар жұмыссыздығының негізгі тәуекелдері мен қауіп-қатерін анықтау және шешу жолдарын қарастыру;
- 5) зерттеу нәтижесі бойынша негізгі қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу.

Объекті және әдістемесі

Оңтүстік Қазақстандағы (*Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары*) қоғамдық даму, жастар саясаты мәселелері басқармалары мен жұмыспен қамту орталықтары.

Жұмыс барысында NEET-жастардың жұмыспен қамтылу перспективалары бойынша аталмыш облыстардың жастарының статистикалық ақпараттарына талдау жүргізіледі. Жастар арасында анкета негізінде сараптамалық қорытынды шығарылады.

Біріншіден, Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облыстарындағы статистикалық мәліметтерді, атқарылып жатқан жұмыстарды анықтау, жинақтау. **Екіншіден,** аталмыш облыстардағы мүдделі мекемелермен бірлесе отырып жүргізілген жұмыстарды талдау, сұрыптау және тиімді тетіктерін қарастыру. **Үшіншіден,** NEET санатындағы жастардан саульнамалар алу, фокус-топтар арқылы жұмыстар жүргізу, мүдделі мемлекеттік органдармен сұхбаттасу арқылы шешім шығару. Сондықтан да жастар ортасына проблемалық әлеуметтік мәселелердің болуы және оларды шешудің тиімді жолдары тұрғысынан мониторинг пен талдау жүргізу маңызды. Қазіргі таңда, елімізде NEET санатындағы жастармен бос жұмыс орындарының жәрменкесі, жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар, жүйелі түрде психологиялық, ақпараттық, консультативтік көмек көрсету, «Jastarga-kenes», «Jastarga-bilim» бейресми білім беру арқылы әлеуметтік желілердегі (Instagram, Fakebook, YouTube және т.б.) тікелей эфирлер, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары жобасына тарту, жастарды кәсіпкерлік негіздеріне және қысқа мерзімдік және қайта даярлау курстарына оқыту жұмыстары жүргізілуде.

Зерттеу нәтижелері

Өңірлердің ресми статистикалық мәліметтеріне сәйкес Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде 913 620 жас (*Қызылорда - 176 985, Түркістан – 478 471, Жамбыл – 258 164*) өмір сүруде. Облыстардың ерекшеліктеріне қарай бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

Қызылорда облысы. 2022 жылдың 9 айлық қорытындысы бойынша жастардың жұмыссыздық деңгейі 4,0% құраса, NEET санатына жататын жастардың көрсеткіші 7,9% (*12 761 жас*) құрап отыр. Облыс әкімдігі тарапынан 2022 жылы «**NEET санатындағы жастарды анықтау және оларды әлеуметтендіруге бағытталған облыстық іс-шаралар жоспары**» бекітілген. Жоспар аясында қала, аудандарда адрестік жұмыстар қолға алынып, 98 506 жастың өңірлік деректер қоры жасақталған. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде нақты

10 363 жас NEET-жастар деп анықталды. Анықталған жастарды халықты жұмыспен қамту органдары арқылы жұмысқа орналастыру тәжірибесі енгізілген. Нәтижесінде 1 362-сі жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды.

Өңірде әрбір жас азаматтың толыққанды дамуына мүмкіндік беруге бағытталған **«SYR JASTARY: 2025 жылға дейінгі Қызылорда облысының жастарын қолдау жөніндегі кешенді стратегиялық жоспары»** әзірленді (*бүгінгі күні 3 жылға арналған индикаторлар жергілікті атқарушы органдармен келісілуде*). Өңір жастарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету және жас отбасыларға қолдау көрсету мақсатында **«Сыр жастары»** өңірлік тұрғын үй бағдарламасының жобасы әзірленуде. Қызылорда облысы әкімдігі мен «Отбасы банк» АҚ-ның бірлескен қаражаты есебінен тұрғын үй сатып алуға жастарға және жас отбасыларға 19 жыл мерзімге жылдық 5%-бен несие беру ұсынылуда.

Жамбыл облысы. 2022 жылдың 9 айлық қорытындысы бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1% құраса, NEET санатындағы жастардың үлесі 7,5% (*19 362 жас*) құрады. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру мақсатында 2021 жылы облыстық Жастар ресурстық орталығында NEET жастармен және жас отбасылармен жұмыс бөлімі ашылып, **NEET және провация тізімінде тұрған жастармен жұмыс жоспары** бекітілген.

Облыс жастарына талдау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде облыс бойынша NEET санатындағы 8 334 жастың дерек базасы жасақталған. Жыл басынан бері 56 жұмысқа орналастыру жәрмеңкесі өтіп, оған 3 829 жас (*o.i. NEET санатындағы 1 494 жас, провация қызметі есебінде тұрған 98 жас*) қатысқан. Нәтижесінде 231 жас тұрақты жұмыстарға, 16-сы ақылы қоғамдық жұмыстарға, 271-і жастар практикасына жолданды (*o.i. NEET санатындағы 182 жас, провация қызметі есебінде тұрған 28 жас жұмысқа орналасты*). Өңірде мемлекеттік жастар саясатын дамыту мақсатында 2021-2025 жылдарға арналған **«Әулиеата жастары»** өңірлік бағдарламасы қабылданып, іске асырылуда. Сондай-ақ, 2022 жылдан бастап **«Әулиеата жастары»** жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағытта жергілікті бюджеттен 500 млн теңге қарастырылған.

Түркістан облысы. 2022 жылдың 9 айлық қорытындысы бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,6% құрады, ал бойынша NEET санатында жастардың көрсеткіші 6,4% (*30 622 жас*) құрады. Облыс әкімдігі тарапынан ағымдағы жылдың 1 қазандағы жағдай бойынша 24 676 жас жұмыспен қамтылған. Ал жыл соңына дейін 32 425 жасты жұмысқа орналастыру жоспарлануда. Сонымен қатар, «Бастау Бизнес» жобасы аясында 12 097 жас кәсіпкерлік негіздері, *enbek.kz* платформасы негізінде 706 жас онлайн және жұмыс берушінің негізінде 173 жас қысқа мерзімді кәсіби оқуларынан өтті.

Қазіргі уақытта NEET санатындағы жастарды мемлекеттік бағдарламалар мен гранттар шеңберінде жұмыспен қамтып, шағын және орта бизнесін бастауға мүмкіндік беріліп жатыр. NEET санатындағы жастар санын азайту үшін жалпы 20 435 жасқа мемлекеттік бағдарламаларды таныстыру, үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 17 848 жасты үйірмелерге тарту, талантты жастарды қолдауға бағытталған іс-шараларға 30 мыңнан астам жас қамтылды. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, NEET санатындағы жастардың ең аз үлесі бар елдер екі негізгі бағытқа баса назар аударады: біріншіден, жастардың мектепке дейінгі білім алуына инвестиция салады, екіншіден, жастар ортасындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге ғылыми тәсілдер негізінде, оның ішінде жеке тәсіл негізінде атаулы бағдарламаларды әзірлеу. Бірінші бағыт – алдын алу тетігі болып саналады және ұзақ мерзімді тиімді тәсіл.

Мектепке дейінгі білім беруге инвестиция салудың пайдасы мол екенін ерте жастан білім беру және тәрбиелеу бойынша көптеген ғылыми зерттеу растап отыр. Екінші бағыт – дәл қазір алдымызда тұрған проблеманы шешу және NEET санатының үлесін төмен деңгейде ұстап тұру. Жапонияның, Люксембургтің, Норвегияның тәжірибесі неғұрлым тиімді болып саналады. Ол бойынша жастардың осы санатқа кіру себептерін анықтап, кейіннен жеке-жеке, нақты бағыттағы бағдарламаларды әзірлеуге ғылыми тұрғыдан дайындық жасайды. Жапонияның «дұрыс дағдыларды» (*soft skills*) дамытуға, әлеуметтендіруге, жастардың осы санатқа кіруінің себептерін жекелеп зерттеуге және өзін-өзі дамытуға ықпал ететін бағдарламаларды жүзеге асыруға үлкен мән беретіні байқалады. Сингапурда соңғы

онжылдықта тағылымдамадан өту немесе жұмыс істеуге студент кезінде-ақ келетін жастар көбейгені байқалады. Бұл болашақта еңбек нарығына да оң әсерін тигізеді. Өйткені бұл жастар тәжірибе мен біліктілікті ерте жинап, оқушылық өмірден үлкен өмірге аяқ басар кезде қиналмай, дағдармай жол тауып кете алады.

Нидерланд жетістігінің сыры мектепке дейінгі және мектептегі білім беруге инвестицияның күшеюі, балаларды жастайынан баулуда жатыр. Статистика бойынша Нидерландтағы үш баланың екеуі мектепке дейінгі білім беру орталықтарына барады. Мемлекет мұнымен қатар, жұмыс істейтін аналар үшін әртүрлі жеңілдіктер ұсынады. Жарты күн жұмыс істегісі келетін және қалған уақытын баласына қамқорлық жасағысы келетін аналар үшін жұмыс сағаттары мен төлемдерді реттеудің бірыңғай жүйесі бар.

NEET санатындағы жастар қатарын азайту жөніндегі Норвегия саясатының ерекшелігі жастармен ғана емес, сонымен бірге тікелей жұмыс берушілермен де жұмыс істеуінде болып тұр. Кешенді тәсіл Норвегия Үкіметіне еңбек нарығын реттеуге және олардың транзиттік кезеңінде жастар үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

NEET үлесін төмен деңгейде ұстап қалу үшін Жапония, Люксембург, Норвегия, Германия, Ұлыбритания, Франция сияқты елдердің тиімді тәжірибесін алуға болады. Бұл елдерде жастардың бұл санатта неге тап болғандығы ғылыми әдістерді пайдалану арқылы анықталған.

Соның нәтижесінде жекелей бағдарламалар жасалынып, шаралар қолданылған. Порблеманы анықтау және онымен нақты жұмыс жүргізу мақсатында «Жасатардың әлеуметтік картасы» ақпараттандырылған жүйесін құру қажет. Бұл жүйек еліміздегі 14-29 жас аралығындағы жастардың әлеуметтік статусын анықтап, олардың нақты мекенжайын көрсете отырып атқарушы органға шешім қабылдау үшін қажет. Елді мекенде тұрғылықты жері бойынша жастардың жұмыспен қамтылуы, білім алуы және қажеттілігіне қарай әлеуметтік көмек алуына жағдай туғызады.

NEET санатындағы жастар бос уақытын достарына, туыстарына және жақындарына, сондай-ақ өздерінің әуестіктеріне бөледі, сондай-ақ, олардың бір бөлігі өзін-өзі дамытуға уақыт пен көңіл бөлетінін атап өтуге болады. Әдетте, жастарда спорттық, шығармашылық хобби бар, ал декреттік демалыста жүрген қыздардың бір бөлігі өздерінің хоббиін табыс көзіне айналдырды.

Жұмысы жоқ және оқымайтын жастардың пікірі бойынша мемлекет жұмысқа орналастыру (жұмыс орындарын көбірек ашу, жұмыс тәжірибесін талап ететін мәселені шешу, бос жұмыс орындары мен мүмкіндіктер туралы хабардарлықты арттыру); білім беру (тегін білім беруді енгізу, гранттар санын көбейту, тренингтер мен курстар өткізу); әлеуметтік, қаржылық қолдау (тұрғын үй, жастар кәсіпкерлігін дамыту, материалдық қолдау мәселелері) мәселелерінде шешуі тиіс.

Қазақстанда NEET санатындағы жастар еңбекке жарамсыз, сондай-ақ экономикалық белсенді емес жастардан тұрады. Егер еңбекке жарамсыздықтың себептері туралы айтатын болсақ, елдегі эпидемиологиялық жағдай, төтенше жағдай режимін, карантинді енгізу үлкен әсер етті, бұл жұмыс орындарының қысқаруына, елдегі бизнес белсенділігінің төмендеуіне әкелді, бұл өз кезегінде жастар арасындағы жұмыссыздыққа әсер етті. Екінші жағынан, бұл топта оқу орындарына түспеген, оқуды аяқтамаған себебінен қазіргі уақытта жұмыссыз жүрген жастар да бар.

Жастардың жоғары оқу орнын немесе колледжді бітірмеуінің бір себебі – мамандықты дұрыс таңдамауы және оқуға деген ынтаны төмендігін атап өткен жөн. Жастардың экономикалық енжарлығының себептері де әртүрлі: білім алу мақсаттарынан туындаған жеке шешім, декретте болу, денсаулығына байланысты. Тұрмыстағы әйелдердің енжарлығы бала бағу мен жұбайлары жұмысқа шығуға тыйым салу қосымша әсер ететінін айта кетуге болады. Көп жағдайда NEET жастары орта және аяқталмаған орта білімі бар жастар екеніне қарамастан, Қазақстанның NEET жастарына орта кәсіптік, жоғары білімнің болуы тән, сонымен қатар мектеп түлектері арасында да, өткен жылдары оқуға түспеген түлектер арасында да оқуға түсуге деген ынта байқалады. Мұны білім алу міндеттілігіне

қатысты қоғамдық ұстанымдардың болуымен түсіндіруге болады, бұдан басқа, қосымша фактор Қазақстанда білім алудың қолжетімділігі, түрлі деңгейдегі оқу орындарының (колледждер, институттар, университеттер) көптігі болып табылады. Сонымен қатар, орта білімі бар жастар тобы да ерекшеленеді, олар саналы түрде мектепті бітіргеннен кейін оқу орындарына түспеуге және жұмыс істей бастауға шешім қабылдады. NEET жастарының негізгі проблемасы жұмыссыздық болып табылады, ол елдегі эпидемиологиялық жағдай аясында күшейе түседі. Жұмысқа орналасуда қиындықтар жұмыс берушілердің жұмыс тәжірибесін сұрауы, непотизмнің таралуы, зейнеткерлердің жұмыс орындарын сақтауы салдарынан туындайды, бұл жастар үшін жұмыс орындарының тапшылығының қалыптасуына әкеледі. Жұмыспен қамтудың болмауы қаржылық проблемалардың туындауына ықпал етеді. Материалдық әл-ауқатқа деген көзқарас тұрғын үйге, тамаққа, киімге деген негізгі қажеттіліктерді қамтамасыз етумен байланысты, осы тұрғыдан қаржылық жағдайын бағалай отырып, көпшілігі оған толық қанағаттанады. Алайда, материалдық жағдайды мұндай бағалау пандемия мен елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауының әсерінен қалыптасқан болуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

NEET жастарына жастардың қоғамдық институттары, атап айтқанда жастар ұйымдары туралы хабардарлық пен қызығушылықтың төмен деңгейі тән. Көбінесе жастар ұйымдары волонтерлікпен байланысты, ол жастар тарапынан қолдау табады, бірақ сонымен бірге зерттеуге қатысушылардың аз ғана бөлігінде волонтердің тәжірибесі болды.

Жалпы, жұмыс іздеген кезде жастар туыстарына, жақын адамдарына жүгінуден бастап, Интернет-сервистерді іздеу, түйіндемені тікелей компаниялардың электрондық пошталарына жіберуге дейінгі түрлі тәсілдерді қолданады. Бұл тұрғыда әлеуметтік желілер арқылы жұмыс іздеу ерекшеленеді, өйткені жастар Интернет-кеңістікте, атап айтқанда әлеуметтік медиада көп уақыт өткізеді.

Бос уақытқа қатысты айтар болсақ, жастар бос уақытын достарымен немесе отбасымен өткізеді, сондай-ақ әртүрлі хоббиге (спорт, шығармашылық, аспаздық), сондай-ақ өзін-өзі дамытуға (оқуға, шет тілдерін үйренуге) уақыт бөледі.

NEET санатындағы жастар мемлекет тарапынан үш негізгі бағытта: жұмыспен қамту, білім беру және тұрғын үй бағытында қолдау күтеді.

Әдеби дереккөздердің тізімі

1. «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі: «Жастар» ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2021. - 100 бет.
2. «Жастардың негізгі страталарының мәселелері мен қажеттіктері» әлеуметтік зерттеу/Руднева Е.А., Қожабекова Д.А., Мұхамбетова Қ.А. – тартылған сарапшы: «Жастар» ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2020. – 104 б.
3. «Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік ұстанымдары» әлеуметтік зерттеу/Руднева Е.А., Урпекова А.Г. – тартылған сарапшы: «Жастар» ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2020. – 70 б.
4. Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтанулық портреті/Нұр-Сұлтан: «Жастар» ҒЗО, 2019. – 188 б.
5. NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық: анықтамасы, есептеу әдістемесі, жұмыс алгоритмдері/А.Қ.Сакошов, С.Ж.Ахантаева, Е.А.Руднева, Э.С.Паули, Н.О.Наурызбаев – Нұр-Сұлтан, 2021. – 84 б.



К.С. Храпкин, магистрант 2-го курса, ОП 7М04121 Менеджмент,
Р.А. Притула, научный руководитель, к.э.н., профессор
Костанайский инженерно-экономический университет им. М. Дулатова
Костанай, Казахстан

Проблемы и пути решения экономического роста в РК

Түйіндеме: Мақалада Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсудің қазіргі жағдайы мен даму мәселелері қарастырылған. Әлемдік дағдарыс пен бағаның күрт құлдырауының ел экономикасының дамуына әсері талданады. Автор Қазақстан экономикасын әртараптандырудың маңыздылығы мен негізгі бағыттарын қарастырады. Экономикалық өсуді инновациялық негізде дамытудың негізгі векторлары анықталды.

Аннотация: В статье рассматривается современное состояние и проблемы развития экономического роста Республики Казахстан. Анализируется воздействие мирового кризиса и резкого снижения цен на экономическое развитие страны. Автором рассматривается значение и основные направления диверсификации экономики Казахстана. Определены базовые векторы развития экономического роста на инновационной основе.

Abstract: The article deals with the current state and problems of the development of economic growth in the Republic of Kazakhstan. The impact of the global crisis and a sharp decline in prices on the economic development of the country is analyzed. The author considers the importance and main directions of diversification of the economy of Kazakhstan. The basic vectors for the development of economic growth on an innovative basis are determined.

Түйін сөздер: экономика, инновация, тиімділік, даму, стратегия, бастама, тәртіп, жүзеге асыру, болжам, бюджет, сапалы өсу, экономикалық саясат, тұжырымдама, қалыптастыру.

Ключевые слова: экономика, инновации, эффективность, развитие, стратегия, инициатива, поручение, реализация, прогноз, бюджет, качественный рост, экономическая политика, концепция, формирование.

Key words: economics, innovations, efficiency, development, strategy, initiative, order, implementation, forecast, budget, qualitative growth, economic policy, concept, formation.

Введение

На заседании Правительства под председательством Премьер-Министра РК Аскара Мамина рассмотрены прогноз социально-экономического развития Казахстана на 2022-2026 годы, проекты законов «О республиканском бюджете на 2022-2024 годы», «О гарантированном трансферте из Национального фонда Республики Казахстан на 2022-2024 годы», а также проект Указа Президента РК «О выделении целевого трансферта из Национального фонда Республики Казахстан на 2022-2024 годы». С докладами выступили министр национальной экономики Асет Иргалиев, председатель Национального банка Ерболат Досаев, министр финансов Ерулан Жамаубаев.

Результаты исследования

Прогноз социально-экономического развития страны на 2022-2026 годы сформирован согласно различным сценариям развития мировой экономики и экономики страны с учетом следующих параметров:

- отчетных статистических данных по ВВП за 2020 год и итогов развития экономики за январь-июль т.г.;

- обновленных прогнозов международных финансовых организаций по росту мировой экономики. Так, в 2022 году ожидается рост мировой экономики на 4,9%, в 2023 году - на 3,5% (прогноз ВБ);

- согласно консенсус-прогнозу МФО, в 2022 году цены на нефть будут на уровне \$64,5 за баррель, а в 2023 году - на уровне \$58 за баррель.

В зависимости от внешних и внутренних условий разработаны базовый, оптимистический и пессимистический сценарии развития экономики Казахстана на 2022-2026 годы.

Среднегодовой рост ВВП при базовом сценарии составит 4,8%, оптимистическом - 5% и пессимистическом - 4,6%.

В качестве основы для бюджетного планирования предлагается использовать базовый сценарий.

«При данном сценарии в 2022 году реальный рост ВВП прогнозируется на уровне 3,9%. В 2026 году он ускорится до 5,2%. Номинальный ВВП в 2022 году составит 87,1 трлн

тг, а в 2026 году - 119,9 трлн тг. Ожидается положительный рост во всех базовых отраслях. Добыча нефти в 2022 году составит 87,9 млн тонн с увеличением в 2026 году до 107,4 млн тонн. Экспорт товаров в 2022 году прогнозируется на уровне \$60,1 млрд и к 2026 году увеличится до \$79,8 млрд», - проинформировал А. Иргалиев.

Импорт товаров увеличится с \$40,8 млрд в 2022 году до \$43,4 млрд в 2026 году. Сальдо торгового баланса вырастет с \$19,3 млрд до \$36,4 млрд.

С учетом данных макроэкономических показателей разработан следующий прогноз бюджетных параметров.

Как сообщил министр нацэкономики, доходы республиканского бюджета в 2022 году по прогнозам составят 9,2 трлн тг, в 2023 году - 9,7 трлн тг, в 2024 году - 10,4 трлн тг. Гарантированный трансферт предлагается определить в 2022 году в размере 2,4 трлн тг, в 2023 году - 2,2 трлн тг и в 2024 году - 2 трлн тг и направить на финансирование социальных обязательств.

«С учетом этого разработан и на рассмотрение выносится проект Закона о гарантированном трансферте из Национального фонда на 2022-2024 годы. Кроме этого, предлагается в 2022 году привлечь целевой трансферт из Национального фонда в размере 550 млрд тг, в 2023-2024 годах по 400 млрд тг ежегодно. Дефицит бюджета в 2022 году прогнозируется на уровне 3,3% к ВВП с последующим снижением до 2,5% к ВВП в 2024 году», - проинформировал министр нацэкономики.

Нефтефтяной дефицит в 2022 году по прогнозам составит 8,1% к ВВП с последующим снижением до 6,3% к ВВП в 2024 году.

Расходы республиканского бюджета прогнозируются в 2022 году в объеме 15,9 трлн тг, в 2023 году - 15,6 трлн тг и в 2024 году - 16 трлн тг. При цене на нефть в \$60 за баррель поступления от нефтяного сектора в Национальный фонд по прогнозам вырастут с 2,5 трлн тг в 2022 году до 3 трлн тг в 2024 году. С учетом планируемых трансфертов валютные активы Национального фонда по прогнозам вырастут с \$55,3 млрд в 2022 году до \$61,6 млрд в 2024 году.

По словам А. Иргалиева, в целях достижения стратегических инициатив Елбасы, выполнения поручений Главы государства, реализации предвыборной программы партии «Нур-Отан», а также в соответствии с общенациональными приоритетами разработан Прогноз социально-экономического развития на 2022-2026 годы.

«В целях повышения благосостояния населения для обеспечения устойчивого и качественного роста экономики в рамках среднесрочной экономической политики будут приняты следующие меры: стабилизация макроэкономических показателей, формирование нового инвестиционного цикла, сбалансированное развитие регионов, диверсификация экономики, улучшение бизнес-климата, развитие цифровой экономики, человеческого капитала и эффективной системы государственного управления», - сказал А. Иргалиев.

В свою очередь председатель Национального банка Ерболат Досаев сообщил, что восстановление национальной экономики продолжается на фоне улучшения внешних условий, действующего фискального стимулирования и низкой базы прошлого года.

«Необходимо отметить, что дальнейшие темпы развития мировой экономики сопряжены с рисками распространения дельта штамма коронавируса и низких темпов вакцинации в развивающихся странах. Благодаря антикризисным инициативам Главы государства экономика Казахстана продолжает восстанавливаться и за 7 месяцев т.г. выросла на 2,7%. По итогам т.г. Национальный Банк ожидает возвращения к докризисному уровню с ростом ВВП до 3,7%», - отметил Е. Досаев.

Реализация совместных мер Правительства и Национального Банка по обеспечению макроэкономической стабильности позволила добиться положительных изменений в казахстанской экономике, что подтверждается международными рейтинговыми агентствами. Суверенный рейтинг Казахстана повышен со стороны агентства Moody's до уровня «Baa2», впервые с 2006 года, а также подтвержден со стороны агентства Fitch на уровне «BBB», в обоих случаях со стабильным прогнозом.

«На основании вышеизложенного, Национальным Банком обновлен прогноз основ-

ных показателей денежно-кредитной политики и платежного баланса для Прогноза социально-экономического развития на 2022-2026 годы», - подчеркнул глава Нацбанка.

По оценкам Национального Банка, с учетом повышенного внешнего инфляционного фона, сохраняющихся внутренних дисбалансов со стороны предложения, а также продолжающихся мер фискального стимулирования, инфляция к концу 2021 года ожидается в коридоре 6-7%. Оценка инфляции будет уточнена по итогам очередного прогнозного раунда в сентябре т.г.

В соответствии с июльским поручением Главы государства совместно с Правительством проводится активная работа по реализации пакета мер антиинфляционного реагирования. Успешная реализация вышеуказанных мер является необходимым условием для снижения инфляции до 4-6% в 2022 году, 4-5% в 2023-2024 годах, 3-4% в 2025-2026 годах в соответствии с Прогнозом социально-экономического развития на 2022-2026 годы. Данные таргеты соответствуют Стратегии денежно-кредитной политики до 2030 года.

Как отметил Е. Досаев, в соответствии с целями Национального плана развития Казахстана до 2025 года, увеличение несырьевого экспорта и снижение зависимости от импорта будут способствовать в течение прогнозного периода сокращению дефицита текущего счета платежного баланса и переходу в зону профицита до (+)1,9% к ВВП в 2026 году.

«Ожидается поэтапный рост экспорта товаров до \$80 млрд в 2026 году. Рост нефтяного экспорта будет обеспечен увеличением объемов добычи нефти, начиная с середины 2023 года. Ненефтяной экспорт вырастет вследствие постепенного восстановления мирового спроса, предполагаемого роста цен на металлы и наращивания несырьевого экспорта», - заверил глава Нацбанка.

Импорт товаров будет поддерживаться ростом платежеспособного спроса населения и бизнеса, а также реализацией крупных инвестиционных проектов. Меры по снижению зависимости от импорта, реализуемые в рамках трехстороннего Соглашения между Правительством, Национальным Банком и АРРФР на 2021-2023 годы, будут способствовать умеренному росту импорта до \$43,4 млрд в 2026 году.

В соответствии с ранее согласованным Национальным Банком подходом гарантированные трансферты из Национального фонда сокращаются с 2,4 трлн тг в 2022 году до 2 трлн тг в 2024 году.

Согласно Концепции формирования и использования средств Национального фонда, целевые трансферты из Национального фонда выделяются исключительно по решению Президента РК для финансирования антикризисных программ в периоды спада экономики, социально значимых проектов, стратегически важных инфраструктурных проектов при отсутствии альтернативных источников их финансирования.

Министр финансов Ерулан Жамаубаев отметил, что законопроект разработан с учетом последних изменений бюджетного законодательства, на основании Прогноза социально-экономического развития страны до 2025 года и направлен на улучшение благосостояния каждого гражданина и постепенное восстановление экономики.

«Поступления на 2022 год прогнозируются на уровне 13 трлн тг с увеличением к плану текущего года на 431 млрд тг. Ненефтяные поступления предусмотрены с ростом на 1,8 трлн тг или на 25,1%. По нефтяным поступлениям запланировано снижение на 1,3 трлн тг в связи с постепенным возвращением к режиму накопления средств Национального фонда. Гарантированный трансферт определен в следующем году в размере 2,4 трлн тг со снижением до 2 трлн тг к 2024 году. В результате доля ненефтяных поступлений будет расти с 56,4% в т.г. до 71,4% в 2024 году», - проинформировал министр финансов.

Доходы республиканского бюджета составят в 2022 году 9,2 трлн тг, в 2023 году - 9,7 трлн тг, в 2024 году - 10,4 трлн тг. Дефицит бюджета планируется с поэтапным снижением с 3,3% к ВВП в 2022 году до 2,5% к ВВП в 2024 году. При этом ненефтяной дефицит за указанный период снизится с 8,1% к ВВП до 6,3% к ВВП.

Расходы на среднесрочный период сформированы с учетом общенациональных приоритетов РК до 2025 года. В 2022 году расходы составят 15,9 трлн тг с увеличением от плана т.г. на 577 млрд тг. Текущие расходы бюджета определены на уровне 14,9 трлн тг на следу-

ющий год. Объем бюджета развития планируется в сумме 1 трлн тг в 2022 году.

Как подчеркнул Е. Жамаубаев, социальная направленность бюджета сохранена. В структуре расходов доля социального сектора составляет 50%. Так, в 2022 году на социальную сферу запланировано 8 трлн тг, с ростом на 515 млрд тг по отношению к бюджету текущего года.

«Рост расходов связан с ежегодной индексацией и увеличением контингента получателей пенсий и пособий, а также увеличением заработной платы педагогов и врачей. На поддержку развития реального сектора экономики на 2022 год предусмотрено порядка 2 трлн тг. В рамках данных средств будет продолжена реализация госпрограмм «Нұрлы Жол», «Нұрлы Жер», развития агропромышленного комплекса, ГПИИР, ДКБ-2025 и др», - сказал министр финансов.

В соответствии с поручением Главы государства, изменениями в Систему государственного планирования, а также Общенациональными приоритетами в настоящее время проводится работа по трансформации государственных программ в национальные проекты.

В 2022 году регионам за счет средств республиканского бюджета будет выделено 4,5 трлн тг, это - 28,3% от общих расходов бюджета. Из них в виде целевых текущих трансфертов предусмотрено 1,8 трлн тг, трансфертов на развитие - 630 млрд тг.

Первый заместитель Премьер-Министра РК Алихан Смаилов отметил, что прогноз развития экономики страны сформирован с учетом глобальных факторов и внутренней ситуации.

«Согласно макроэкономическому прогнозу на 2022-2026 годы фактический среднегодовой темп роста валового внутреннего продукта страны составит 4,8%. Если валовой внутренний продукт в 2022 году вырастет номинально на 8,4%, то налоговые доходы республиканского бюджета увеличатся на 29%. Это позволит снизить зависимость от Национального фонда в среднесрочном периоде», - сказал А. Смаилов.

В результате объем трансфертов из Национального фонда будет привлечен с уменьшением в 2022 году на 1,6 трлн тг, в 2023 году на 350 млрд тг, в 2024 году на 200 млрд тг.

Выводы

По словам А. Смаилова, проект бюджета сбалансирован и соответствует общенациональным приоритетам и задачам, установленным предвыборной программой партии Nur Otan.

«Все социальные обязательства будут выполнены в полном объеме. При этом необходимо максимально эффективно использовать бюджетные средства. В целом, перспективы развития экономики Казахстана в среднесрочном периоде направлены на укрепление национальной экономики, развитие конкуренции и сохранение социальной стабильности», - резюмировал А. Смаилов.

Список литературных источников

1 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее», 11 ноября 2014 г.

2 Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии» [Электронный ресурс] // http://www.akorda.kz/ru/speeches/addresses_of_the_president_of_kazakhstan/

3 Официальный сайт Агентства по статистике РК [Электронный ресурс] // www.stat.kz

4 Турсубекова А.Б., Омурзакова А.К. Выявление тенденций социально-экономического развития регионов Казахстана. Экономика: стратегия и практика. 2021;16(2):98-106.

5 <https://kursiv.kz/news/mirovaya-ekonomika/2018-10/kazakhstan-zanyal-59-e-mestov-globalnom-indekse>



**Қоғамдық және экономикалық ғылымдар
саласындағы ғылыми зерттеулер**

Аннотация. Экономикалық ғылыми зерттеулердің ерекшеліктері экономикадағы ғылыми зерттеулердің объектісі болып табылатын экономикалық процестердің ерекшеліктерімен де байланысты. Бұл процестер екі үлкен топқа бөлінеді: табиғи және әлеуметтік. Экономикалық зерттеулер тұрғысынан табиғи процестерді зерттеу еңбек құралдары арқылы адам мен табиғаттың өзара әрекеттесу сипатын сипаттауға және осы өзара әрекеттесу нәтижесінде материалдық немесе интеллектуалды өнімдерді, сондай-ақ қызметтерді құруға бағытталған.

Әлеуметтік процестерді экономистер осы өнімдер мен қызметтерді өндіруді, бөлуді, айырбастауды және тұтынуды талдау контекстінде зерттейді. Табиғи және әлеуметтік процестер тығыз өзара әрекеттесуде жүреді және реттеу процестері арқылы жүзеге асырылады (мемлекеттік, нарықтық, жоспарлы және т.б.). Нәтижесінде әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелерді құру, жұмыс істеу және жою процестерінің жиынтығы ретінде пайда болатын әлеуметтік-экономикалық процестер қалыптасады. Жаратылыстану-ғылыми қызметін талдау кезінде зерттеулердің сабақтастығы, ескі зерттеулердің жаңаларына инвестициялануының бір түрі жиі атап өтіледі.

Аннотация. Особенности экономических научных исследований также связаны с особенностями социально-экономических процессов, являющихся объектом научных исследований в экономике. Эти процессы делятся на две большие группы: естественные и социальные. С точки зрения экономических исследований изучение природных процессов направлено на описание характера взаимодействия человека и природы средствами труда и создание в результате этого взаимодействия материальных (материальных) или интеллектуальных продуктов, а также услуг.

Социальные процессы изучаются экономистами в контексте анализа производства, распределения, обмена и потребления этих продуктов и услуг. Природные и социальные процессы протекают в тесном взаимодействии и осуществляются через регуляторные процессы (государственные, рыночные, плановые и др.). В результате формируются социально-экономические процессы, возникающие как совокупность процессов создания, функционирования и разрушения различных социально-экономических систем. При анализе естественно-научной деятельности часто отмечается преемственность исследований, своеобразие инвестирования старых исследований в новые.

Annotation. The features of economic scientific research are also related to the features of the socio-economical processes that are the object of scientific research in economics. These processes are divided into two large groups: natural and social. From the point of view of economic research, the study of natural processes is aimed at describing the nature of the interaction between man and nature by means of labor and the creation of material (material) or intellectual products and services as a result of this interaction.

Social processes are studied by economists in the context of the analysis of production, distribution, exchange and consumption of these products and services. Natural and social processes proceed in close interaction and are carried out through regulatory processes (state, market, planned, etc.). As a result, socio-economic processes are formed, arising as a set of processes of creation, functioning and destruction of various socio-economic systems. When analyzing natural science activities, the continuity of research is often noted, the peculiarity of investing old research into new ones.

Кілтті сөздер: ғылым, жаратылыстану, экономика, әлеумет, хронология, атом, термоядролық бомба, социалистік лагерь, классикалық модель, әлеуметтік-экономика, физика, химия, биология, аподейксис, демонстрация, гипотеза, теория

- әлеуметтену (топ мүшелерінің ұжым мүддесі үшін әрекет ету, басқа адамдардың мүдделерін түсіну, ізгілік білдіру қабілеттерін дамыту).

М.И. Лисинаның пікірі бойынша коммуникацияның екі негізгі функциясын бөліп қарастыру керек [6]:

- жалпы нәтижеге жету үшін күш-жігерді үйлестіру мен біріктіруді болжайтын адамдардың бірлескен қызметін ұйымдастыру;

- тұлғааралық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы - қатынастарды құру мақсатында жүзеге асырылатын өзара әрекеттестік.

Б.Ф.Ломов коммуникативті компоненттің барлық міндеттілігіне баса назар аударып, коммуникацияның үш функциясын бөліп көрсетеді:

- ақпарат және коммуникация (адамдар арасындағы кез-келген ақпарат алмасудан тұрады);

- реттеуші және коммуникативті (мінез-құлықты реттеу және өзара әрекеттесетін адамдардың бірлескен қызметін ұйымдастырудан тұрады);

- аффективті және коммуникативті (адамның эмоционалдық сферасын реттеуге байланысты) [10].

Біздің ойымызша, коммуникацияның мәнін түсіну үшін оның құрылымын қарастырған жөн.

Құрылым - бұл объектінің көптеген компоненттері арасындағы тұрақты байланыстар жиынтығы, оның тұтастығы мен өзіне сәйкестілігін қамтамасыз етеді; бұл бір нәрсенің ішкі құрылымы, тұтасты құрайтын бөліктердің өзара орналасуы; тұтас білім берудің белгілі бір ұйымы, оның элементтері арасындағы байланыс. «қатынас құрылымын осы процесті құрайтын негізгі элементтер жиынтығы деп түсіну керек». М.С. Каган коммуникацияның құрылымдық компоненттері өзара әрекеттесуші субъектілер, байланыс құралдары, коммуникация ортасы деп санайды [11].

Г.М. Андреева коммуникация құрылымында өзара байланысты үш аспектіні ажыратады: коммуникативті, интерактивті, перцептивті [12].

Коммуникативті жағы - коммуниканттар арасында ақпарат алмасу. Қарым-қатынастың интерактивті жағы адамдардың өзара әрекеттесуімен, олардың бірлескен қызметін ұйымдастырумен байланысты. Перцептивті жағы - бұл адамдардың бір-бірімен қарым-қатынаста қабылдауы мен тану процесі, басқа адамның бейнесін дамыту процесі. Е.П. Ильиннің пікірінше, қарым-қатынастыңтағы бір аспектісін - эмоционалды жағын бөліп көрсету керек, өйткені «қатынас- бұл қатынас серіктесінің эмоциясымен инфекциясы және серіктес кез-келген эмоциясына қарсы тұру» [13].

Ғалымдар байланыстың әр түрлі түрлерін анықтайды. Бұл типтердің жіктелуі коммуникация процесіне қатысатын қабылдау механизмдері, қатынас әдістері және т.б сияқты критерийлер негізінде жүзеге асырылады. Қатынас белгілі бір құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қатынас құралдары деп оның көмегімен коммуникацияға қатысушылардың әрқайсысы өзінің қатынас әрекеттерін құрып, басқа адаммен өзара әрекеттесуге ықпал ететін операциялар түсініледі. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде коммуникация құралдары вербалды (сөйлеу) және вербалды емес (сөйлемейтін) болып бөлінеді. Қандай құралдардың қолданылуына байланысты вербалды (вербалды, сөйлеу) және вербальды емес (вербальды емес) қатынас немесе диалог ажыратылады.

Қорытынды

Педагогикалық университеттерге арналған қазіргі заманғы әлеуметтік тапсырыс - бұл педагогикалық білім беру бакалаврын жалпы білім беретін ЖОО-нің педагогикалық процесін ізгілендіру жағдайында кәсіби қызметке дайындау, бұл оның диалогты қатынас саласында құзыретті болуын талап етеді.

Диалогты қатынас формасында студенттердің құзыреті - бұл білім беру процесіне қатысушылармен субъект-субъектілік өзара әрекеттесуді саналы және сапалы жүзеге асыруға қабілеттілігі мен дайындығында көрінетін интегративті кәсіби және жеке білім.

Оған мотивациялық, когнитивті, технологиялық және тұлғалық компоненттер кіреді. Мотивациялық компонентке білім беру процесіне қатысушылармен субъектінің субъектілік өзара әрекеттесуін реттейтін мотивациялық формациялардың (мотивтер, қызығушылықтар, қажеттіліктер) жиынтығы кіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Борисов, П. П. Компетентностно-деятельностный подход и модернизация содержания общего образования / П. П. Борисов // Стандарты и мониторинг в образовании. – 2013. – № 1. – С. 58–61.
2. Татур, Ю. Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалистов / Ю. Г. Татур // Высшее образование сегодня. –2014. –№ 3. –С. 20– 26.
3. Зеер, Э. Ф. Психология профессионального образования: учеб. Пособие / Э. Ф. Зеер. – М.: Изд-во Моск. психол.-социал. ин-та; Воронеж: МОДЭК, 2013.
4. Слостенин, В. А. Педагогика: учеб. для студ. высш. учеб. заведений / В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов. – М.: Академия, 2015. – 576 с.
5. Лихачев, Б. Т. Педагогика: учеб. пособие / Б. Т. Лихачев. – М.:Юрайт, 2011.–607 с.
6. Лисина, М. И. Формирование личности ребенка в общении / М. И. Лисина. – СПб.: Питер, 2011. – 318 с.
7. Добрович, А. Б. Воспитателю о психологии и психогигиене общения: кн. для учителя и родителей / А. Б. Добрович. – М.: Просвещение, 2011. – 207 с.
8. Щуркова Н.Е. Прикладная педагогика воспитания [Текст]: учеб, пособие / Н.Е. Щуркова. - СПб.: Питер, 2015. - 385 с.
9. Брудный, А. А. Понимание и общение / А.А. Брудный. – М.: Знание, 2011 – 64 с.
10. Ломов, Б. Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии / Б. Ф. Ломов. – М.: Наука, 2011 – 443 с.



**А.Т. Фазылахметова, аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі,
Жалпы білім беретін кафедрасы
М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті**

Тілдің адам ойын жеткізудегі маңыздылығы

Аннотация. Бұл мақалада, Тіл дегеніміз-қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүгінгі де тағдыры қарастырылады.

Аннотация. В этой статье рассматривается, свой язык надо ценить и почитать.

Annotation. Language is a living soul of the people, their joy, pain, memory, treasure.

Түйін сөздер: Елбасы, Ұлы Абайдың сөзі, өткірдің жүзі, туған тіл, таза, Қазақ тілі бай, ең қымбат, қазына, құралы, тағдыры, болашағы.

Ключевые слова: Президент, Слово великого Абая, лезвие, родной язык, чистый, Казахский язык богатый, самый дорогой, сокровища, инструмент, судьба, будущее.

Keywords: President, the Word of the great Abai, blade, native language, pure, Kazakh language is rich, the most expensive, treasures, tool, destiny, future.

Кіріспе

"Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады" деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, халықтың сақталуы тіліне байланысты. Тіл-халықтың ажырамас бөлігі. Ұлы Абайдың өзі "Өткірдің жүзі, Кестенін бізі Өрнегін сендей сала алмас" деп таңырқап тағзым еткен тіл. Тілімізге құрмет жасау арқылы біз елімізге құрмет жасаймыз. Тіл туралы қаншама кестелі сөз айтсақ та тауыса алмаспыз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев "Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде" деген тұжырымды үнемі айтып келеді. Олай болса өз ана тіліміз туралы неге толғамасқа?! Қазақ тілі - өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Туған тіл-біздің бірінші ырысымыз, біз сондықтан "Ана тіліміз" дейміз.

"Тіл-жеке адамның туындысы емес, қоғамның жемісі, қоғамның нәтижесі. Тіл-қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы. Сондықтан да тіл-қоғамдық құбылыс, қоғамдық қызметімен өмір сүретін құбылыс."

Қазақ қазақ болғалы
Тіл үшін күрес-көргені.
Көргені көп тілімнің,

Мүмкін емес өлмегі,-демекші туған тілдің қазіргі мән-жайы қай қазақты болса да бейжай қалдырып отырған жоқ. Тәуелсіздік алып аңсаған бостандыққа қол жеткізсек те ана тілімізді бүгінде өз дәрежесінде көтере алмай келеміз. М.Дулатов: "Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма?"

Объект және әдістемесі

Өз алдына ел болу үшін өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Тіл тазалығы дейтініміз-ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Ана тілі қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болуы керек. Тіл-біздің ең қымбат қазынамыз. Тілі жоқтың түйсігі жоқ. Тіл-адам ойын жеткізетін асыл құрал. Тілден артық құрал табу қиын.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі не? Себебі, тіл-халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін-ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз-қазақ тілі. Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл-жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, сонын төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл құдіреті ерекше. Оның бітпесті

бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз опық жегізіп, өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді.

Зерттеу нәтижелері

Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы Елбасың аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар Елбасының "Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде", "Ана тілі-бәріміздің анамыз,өйткені ол-ұлтымыздың анасы"деген сөзі бар."Біз барша қазақстандықтарды біріктіруші басты факторлардың бірі -еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек"деген уәжінде қазақ тілінің Қазақстан халықтарының басын біріктіруші ұйытқы болуын көздеп отыр. Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда қазақ тілі-мемлекеттік тіл. Солай бола тұрса да бізде қазір көптеген қазақтар үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарылтып, қолданылу аясын әлсіретеді, тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өздері орыс тілінде сөйлейді, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Басты кемшілігіміз осы. Қазір көптеген жастар ана тілін дұрыс білмейді. Ауылдық жерде жақсы, қалалы жерлерде тіл құнарлылығы сұйыла түскен.

Қорытынды

Ғалым Халел Досмұхамедұлы былай деген екен: "Мектепте қолданудан қалған тіл-шатасқан тіл. Ол ел -сорлы ел. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, ол-куйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл-суйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат елге еліктей беру-зор қате."

Шығыстың ежелгі бір данышпаны: "Дүниені түзеткін келсе,әуелі өзін түзел, сонан соң балаң мен достарыңды түзе,-деген екен. Егер ана тілімізге шын жанымыз ашитын болса, оны әуелі өзіміз үйреніп, сонан соң достарымызға үйреткеніміз абзал".

"Қазақ тілі-мемлекеттік тіл" деген сөздерді тек қағазға емес, көкірегімізге жаза білейік! Сонда ғана тіліміздің, еліміздің мерейі көтеріледі. Білімділігіміздің басы туған тілімізде сөйлеп, оны сыйлап, ақыл-ойымның дамуының негізі және барлық білімнің қазынасы-ана тіліміз деп білемін және өз ана тілімізмен мақтан етемін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тілім-тірегім, жерім-тұғырым. Д.Нүркеұлы.
2. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» материалдарынан.
3. «Қазақ тілі әдебиеті» журналдары № 1 2004, № 5 2006, № 9 2008 жылдар.
4. «Қазақстан жоғары мектебі» № 2, 2004.
5. Егемен Қазақстан газеті. 2008 жыл, наурыз. «Үш тұғырлы тіл туралы »



Роль физических нагрузок в жизни менеджера

Түйіндеме: Тұрақты физикалық белсенділік-бұл дұрыс өмір салтының негізі және денсаулыққа қатысты мәселелердің жоқтығының кепілі. Отырықшы өмір салты-өркеніет ауруы.

Аннотация: Регулярные физические нагрузки – это основа правильного образа жизни и залог отсутствия проблем со здоровьем. Малоподвижный образ жизни – болезнь цивилизации.

Abstract: Regular physical activity is the basis of a proper lifestyle and the key to the absence of health problems. Sedentary lifestyle is a disease of civilization.

Ключевые слова: студент, двигательная активность, двигательный режим.

Түйінді сөздер: оқушы, қозғалыс белсенділігі, қозғалыс режимі.

Keywords: student, movement activity, movement mode.

Введение

В условиях рыночной экономики значение здоровья менеджера возрастает. Сейчас многие люди начинают понимать, что не могут позволить себе болеть. Часто болеющий сотрудник не может надеяться на продвижение по карьерной лестнице. Какой же из сотрудника руководитель, если он по несколько месяцев будет сидеть на больничном? В наши дни слабому здоровью человеку трудно рассчитывать на интересную, престижную работу с высокой оплатой труда.

Меня зовут Владимир, я студент 2 курса «Костанайского инженерно экономического университета им.М. Дулатова», я учусь на специальность «Менеджмент». Я думаю не стоит рассказывать что менеджер это офисный работник и как и остальные офисные работники я нахожусь в зоне негативного влияния от сидячего и малоподвижного образа жизни. В данной статье я бы хотел рассмотреть, последствия малоподвижного образа жизни и что же нам с этим делать.

Как правило, повседневная работа менеджера не требует от нас большой мышечной активности. Руки и ноги теперь нам все чаще заменяют машины и механизмы, средства транспорта и связи. В настоящее время потребность в физическом труде постепенно приближается к нулю.

Каждый из нас знает и понимает то, что отсутствие физических нагрузок негативно влияет на здоровье человека, потому что при отсутствии должных физических нагрузок страдают практически все системы организма.

Не смотря на это большинство людей по-прежнему продолжают вести сидячий и малоподвижный образ жизни. Подолгу сидят за компьютером не только на работе но и дома, предпочитают отдых на диване физическим упражнениям. В результате со временем у них появляется масса проблем со здоровьем.

В наше время полностью отказаться от сидячего образа жизни практически не реально. Но каждый из нас может уменьшить негативное воздействие на организм. Для этого необходимо повысить свою физическую активность и начать регулярно делать элементарные упражнения.

По сути, малоподвижность — это пассивный образ жизни, при котором физическая активность присутствует в минимальном количестве либо отсутствует совсем. К сожалению, его ведут не только те, у кого сидячая работа, но даже домохозяйки, пенсионеры и дети.

Сидя за компьютером, человек принимает неестественное для себя положение – вытягивает вперед и вниз шею, опускает голову. Правильное положение нашего тела нарушается, меняется центр тяжести, под голову подстраиваются и наши плечи, грудная клетка, таз, и вот уже от безобидного положения головы меняется вся осанка. С годами это только закрепляется.

Объект и методика

Так эта неправильная поза, получившая название «компьютерная шея», приводит к ослаблению мышц середины спины, груди и, собственно, самой шеи.

Из-за этого портится осанка, появляется сутулость, сгорбленность, а со временем и искривление позвоночника, раздражение и защемление спинномозгового нерва и нервных окончаний, боли и онемение в мышцах, постепенно мускулатура атрофируется, теряет тонус, сосуды становятся менее эластичными, замедляется кровообращение, снижается насыщение кислородом головного мозга, ухудшается его работа.

Результаты исследований

Последствия сидячего образа жизни гораздо опаснее, чем многие думают. Это ухудшение качества жизни и сокращение ее продолжительности.

Чем же так опасен сидячий образ жизни? Давайте немного глубже разберемся в этом:

Болезни опорно-двигательного аппарата:

- Искривление позвоночника– кифоз, лордоз, сколиоз. Такие болезни часто возникают при неправильной осанке во время сидения.

- Дегенеративно-дистрофические заболевания- при гиподинамии нарушается кровообращение. Это приводит к остеопорозу, артритам, остеомаляции, другим заболеваниям костно-мышечной системы.

- Отложение солей в хрящевых тканях-из-за чего они теряют эластичность, развивается остеохондроз.

- Формирование межпозвонковых грыж- шейного, грудного и поясничного отделов позвоночника. Так как поясница переносит наибольшие перегрузки, при недостаточной подвижности она страдает больше всего.

Болезни сердечно-сосудистой системы:

Малоподвижный образ жизни в итоге может привести к развитию сердечно-сосудистых заболеваний.

Из-за недостатка или отсутствия движения возникают метаболические нарушения, что приводит к избыточному весу, ожирению, а это в свою очередь повышает риск сердечно-сосудистых заболеваний включая инфаркт и инсульт.

Малая физическая активность опасна тем, что способствует развитию артериальной гипертензии, не говоря уже о других серьезных сердечно-сосудистых заболеваниях. У людей с малоподвижным образом жизни риск развития болезней кардио системы возрастает на 25-35%. При дефиците движения кровь плохо насыщается кислородом, который требуется для работы сердечной мышцы.

Избыточный вес:

Наиболее частая причина избыточного веса – это малоподвижный образ жизни. А это означает, что в таком образе жизни нашим организмом сжигается гораздо меньше калорий, чем это необходимо. Это и есть одна из основных причин лишнего веса. Отсутствие физической активности, несоблюдение принципов правильного питания, стрессы, все это: факторы, ведущие к набору лишнего веса. Сидя в офисе, мы тратим меньше калорий, чем потребляем, от чего появляются «пивные» животы, «галифе» в области бедер, нарастает общая масса тела.

Запор и геморрой

Сидячий образ жизни приводит не только к застою крови в малом тазу, но и к запорам. Для нормальной перистальтики кишечника важна физическая активность. При запорах твердые каловые массы травмируют слизистую оболочку кишечника и оказывают давление на расположенные около прямой кишки сосуды.

Нарушение перистальтики кишечника, спровоцированное неподвижностью в течение дня, приводит к хроническому запору. Запор, в свою очередь, становится причиной другого неприятного заболевания – геморроя. Геморрой от сидячей работы развивается у людей, которые много времени проводят за компьютерами: у программистов, инженеров, педагогов, офисных работников.

Сейчас мы рассмотрели негативное влияние малоподвижного образа жизни на организм человека. Давайте рассмотрим проблему отдельно, как для мужчин так и для женщин:

Для мужчин:

Сидячий образ жизни негативно сказывается на простате. Нарушение кровообращения и застой кровотока и лимфы в органах малого таза ведет к простатиту. Уже сегодня велико количество бесплодных пар по причине слабой подвижности сперматозоидов и простатита.

Для женщин:

Та же причина – застой в малом тазу – провоцирует нарушения в половой сфере у женщин и становится причиной патологий матки, а также болезненных менструаций. Общее ухудшение самочувствия на фоне ведения малоподвижного образа жизни и частые стрессы вызывают гормональные нарушения, мастопатию, кисты яичников, сбой менструального цикла.

Благодаря физическим нагрузкам активизируется деятельность всех систем организма. Первым делом, они влияют на работу опорно-двигательного аппарата. Физические нагрузки активизируют обменные процессы в мышцах, связках и сухожилиях, что предотвращает появление ревматизма, артрозов, артритов и других дегенеративных изменений во всех звеньях, которые обеспечивают двигательную функцию.

Из самых простых способов поддержания физической активности в течение дня можно назвать знакомые каждому минимальные нагрузки. Можно отказаться от лифта в пользу лестницы, а на замену чтению в статичном положении может прийти прослушивание аудиокниги во время прогулки на свежем воздухе.

Кроме того, пешая прогулка до или после рабочего дня, получасовые тренировки после смены помогут избежать негативные последствия сидячего образа жизни. Не столь энергозатратные полезные привычки могут быть внедрены в нашу жизнь, не принося дискомфорта.

Необходимо понимать, что внедренные в жизнь таких привычек – это всего лишь вспомогательные меры в борьбе за правильную осанку и правильную работу всех систем организма.

Выполнение простых упражнений поможет отвлечься от работы и разнообразить рабочие будни. Также занятия положительно оказывают влияние на психическое здоровье. Ежедневное выполнение специальных упражнений придает бодрости, прибавляет силы и увеличивает работоспособность.

Кроме того формируется выносливость – человек не чувствует усталость даже под конец рабочего дня. Значительный оздоровительный эффект могут оказывать правильно подобранные упражнения для мышц шеи, для мышц плеч и спины.

В целом упражнения позволяют получить дополнительную энергию, что благоприятным образом скажется на работе – у работника увеличивается активность, повышается настроение, появляется желание работать более эффективно.

Лучшие упражнения для гимнастики в офисе:

Приседания

Обычная ходьба на месте.

Обычные наклоны тела в разные стороны.

Следующий комплекс упражнений можно выполнять прямо на рабочем месте – они занимают одну-две минуты, при этом позволяют быстро разгрузить мышцы спины и шеи:

- Простые наклоны головой в разные стороны. Важно тянуться медленно, как бы растягивая мышцы шеи. Можно помогать руками. Выполнить несколько раз.

- Повороты головы

- Вращаем голову в разные стороны.

- Вращения плечами

- Сидя на стуле, вытягиваем руки вперед, ноги также необходимо вытянуть. Хорошо снимается мышечное напряжение.

Тренируйтесь на работе ежедневно, не нужно делать из программы полноценный тренировочный процесс, после которого наступает только переутомление. Занимайтесь в целях улучшения самочувствия. Достаточно 15-20 минут.

Спорт важен не только для физического здоровья, но и для нашего психологического состояния на работе. Физические нагрузки формируют в нас очень много положительных качеств, которые не могут не сказываться на нашей работе: спорт развивает навык достижения целей; спорт учит никогда не сдаваться; спорт даёт тонус и концентрацию, а так-же улучшение работы нашего мозга.

Вывод

В заключении хотелось бы сказать наше здоровье определяет качество нашей жизни. Спорт и физическая культура – это не только здоровый образ жизни - это путь, на который вступает здравомыслящий человек. Это наша жизнь и наш выбор, который мы должны сделать осознанно!

Список литературных источников

1. Халилова Л.И. Двигательная активность и её влияние на здоровье студентов // Здоровье – основа человеческого потенциала: проблемы и пути их решения. -2014. -№1. -С. 374-376. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/dvigatelnaya-aktivnost-ieyo-vliyanie-na-zdorovie-studentov>

2. Кобяков Ю.П. Двигательная активность студентов: структура, нормы, содержание / Ю.П. Кобяков // Теория и практика физической культуры. 2004. № 5. С. 44-46.

3. Калинин В. М. Вопросы здоровья человека и его связь с двигательной активностью // Вестник КемГУ. -2009.№2.с.6265. URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/voprosy-zdorovya-cheloveka-i-ego-svyaz-s-dvigatelnoy-aktivnostyu>

4. Чёрная Т. В. Влияние двигательной активности, социально-экономических, экологических, психологических факторов на состояние здоровья учащихся и студентов



ҒТАМЖ 16.21.61

Г.Д. Жандарбекова, Есеп және қаржы кафедрасы, оқытушы, экономика ғылымдарының магистрі

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті

Ауызекі сөйлеудегі тілдік ерекшеліктер

Андатпа: Мақалада қазақ тілінің сөйлеу этикеті, сөз мәнері мен сөз саптау құрылымы жайлы түсініктер беріледі.

Аннотация: В статье дается понятие о речевом этикете казахского языка, структуре речи и речи.

Annotation: The article gives the concept of speech etiquette of the Kazakh language, the structure of speech and speech.

Тірек сөздер: Этикет, дағды, мәдениет, түсінік, психология, философия, лингвистика, семиотика, педагогика, этика, эстетик, фактор, формула, дәлдік, дұрыстық, тұрмыстық, рухани, тәжірибе, қарым-қатынас, туыстық, халықаралық, құжаттар, номинациялар, қатынас, рулық, өтініштер, көрсеткіштер, қоғамдық, дәреже.

Ключевые слова: Этикет, навыки, культура, понятие, психология, философия, лингвистика, семиотика, педагогика, этика, эстетик, фактор, формула, точность, верность, бытовая, духовная, практика, отношения, родство, международные, документы, номинации, отношения, роды, заявления, указатели, общественность, степень.

Keywords: Etiquette, skills, culture, concept, psychology, philosophy, linguistics, semiotics, pedagogy, ethics, aesthetics, factor, formula, accuracy, fidelity, household, spiritual, practice, relationships, kinship, international, documents, nominations, relationships, childbirth, statements, pointers, public, degree.

Кіріспе

Этикеттің негізгі дағдылары жоқ адамның мінез-құлық мәдениеті болуы мүмкін емес деп есептеледі. Сондықтан этикетті меңгеру өте маңызды және оны біздің айналамыздағы және біздің қатысуымыз арқылы жүзеге асырылатын үздіксіз қарым-қатынаста игеру қажет. «Сөйлеу этикеті» түсінігі «қатынас мәдениеті» түсінігімен тығыз байланысты. «Қатынас» феномені психология, философия, лингвистика, семиотика, педагогика, этика, эстетика және т.б. көптеген ғылымдардың негізінде дамып келеді. «Қатынас» феномені ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап әлеуметтік-психологиялық теория деңгейіндегі барлық формадағы адамдардың психологиялық өзара әрекеттері ретінде зерттеле бастады [1].

Объект және әдістемесі

Қазақ тілінің ерекшелігі оның өзіндік лексикасы болып саналады. Сонымен қоса, қазақ тілінде сөйлеу этикетіне ұқсас эвфемизмдер қолданылады. Эвфемизм (грек. eu-жақсы, рhemi – айтамын) – қандай да бір себептермен оның дәрежелігі, қорлауы, немқұрайлылығы және т. б. себепті қолайсыз немесе жағымсыз айтылу үшін басқаның орнына қолданылатын сөз немесе өрнекті сөз. Қазақ тілі эмоционалды және экспрессивті боялған сөздермен бай. Олар өте айқын және белгілі бір бағалау мәнін білдіреді. Бұл сөздер әртүрлі кішірейтілген немесе үлкейтілген мағыналарды береді. Нақты жағдай біздің сөз-өтініш таңдауымызды анықтайды.

Сөйлеу этикеті — қандай да бір қоғамда қабылданған адамдар айналасында және тиісті мәндермен жүзеге асырылатын сөйлеу әдебінің ережесі. Сөйлеу этикеті — бұл «қатынасты негіздейтін: тілдік, ұлттық, этникалық сияқты көптеген факторлардың түйісіп келетін, адамдар арасындағы қатынас саласы» [2]. «Айтып жіберіңізші» деген сөздің эмоциялық бояуы – айтпас па екенсіз» – сіз айтасыз ба», «мархабат» немесе «рұқсат етіңіз» деген өтініш мәніндегі сөздерді білдіреді. Біздің тілімізде көшеде, қоғамдық орындарда жиі қолданылатын көптеген сөздер бар және олардың шеңбері өте кең. Олар арқылы сыпайылық, мейірбандық, мейірімдік сезімдері беріледі. Осындай сөздік формулаларының көмегімен біз әр түрлі өмірлік жағдайларда біреулерге алғыс айтамыз немесе кешірім өтінеміз. «Жақсы сөз – жарым ырыс» – халық даналығы.

«Тілімізде алғыс мәніндегі бата-тілектермен қатар қарғыс мәнін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің де молынан кездесетіні байқалады. Қарғыстардың да шығу тарихы алғыстар секілді көнеден келе жатқандығы тілдік деректерде байқалады. Мұның себебін адам психологиясының қуану мен ренжу сияқты көңіл-күйлері кезектесіп отыратындықтан, алғыс пен қарғыс, оң бата мен теріс бата да жағдаятқа байланысты айтылып отырған» [3]. Қазақ тілінің сөйлеу этикетімен байланысты эмоционалдық лексикасы семантикалық және құрылымдық жағынан әртүрлі. Эмоционалдық бірліктердің тілдік табиғатын анықтау, эмотивтік және экспрессивті сөздердің жалпы және ерекше белгілерін анықтау және сипаттау маңызды практикалық мәнге ие.

Зерттеу нәтижелері

Біз үшін әдептілік, сыпайы амандасу, қарапайым сөздерге қашанда жұмсақ, жылы, жанға қуаныш сыйлайтын «мархабат», «қош келіпсіз», «рахмет», «рахым етіңіз», «садаған кетейін», «айналайын» тіркестерін қосып сөйлеуді әдетке айналдыру қажет.

Әрбір халықта өтініш формуласының өзіндік ерекшеліктері бар. Француздар – Мистер, сэр, мастер, мисс, миссис; француздар – Мистер, мосье, мадам, мадемуазель; чехтар – пан, пани; немістер-герр, фрау, фрейлейн. Ал адамның аты - жөні орыс тілінде сыпайы қарым-қатынас түрі ретінде қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде сыпайы қарым-қатынас нысаны күрделі және әр түрлі. Қарым-қатынас формулалары адамдар арасындағы қарым – қатынас сипатымен, сөйлеушілердің-жыныстық, жас, әлеуметтік өзара жағдайын анықтаумен байланысты.

«Сөйлеу мәдениетіне жетілу, тілді тиімді пайдалана білу талабы арғы көне замандардың өзінде болған. Адам баласы өзінің өмірлік серігі, бүкіл тіршілігінің құралы, рухани айнасы — тіліне, оның тағдырына бейтарап қарамаған, оны қызғыштай қорып, мәпелеген. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам алдымен тіл мәдениетін, жазу өнерін дұрыс жолға қою, жетілдіру талабынан бастап отырған» [5]. Ежелгі

заманда «ақсақал» сөзі рудың басшысы, ең беделді адам дегенді білдірген. Ғасырлар бойы қазақтарда бұл сөз даналықты бейнелейді. Қазіргі тілде "ақсақал" сөзі көп мағыналы. Бұл үлкен өмірлік тәжірибесі бар егде жастағы ер адамды ғана емес, "Ақсақал" - қарт адамдарға, сондай-ақ ер жынысты басшы адамға сыпайы қарым-қатынастың тағы бір түрі ретінде айтылады.

«Отағасы» - ересек адамның жасы бойынша үлкен ер адамға сыпайы қарау түрі. Мысалы, «Отағасы, әңгіме айтыңыз» – бір нәрсе туралы айту үшін сұраудың сыпайы түрі. «Бикеш» – қызға сыпайы қарау нысаны; «Бике» - жас әйелге сыпайы қарау нысаны. «Бәйбіше» – егде жастағы ер адамдардың қарт әйелге сыпайы қарау түрі.

«Садағаң кетейін» атты сыпайы назар салу «айналайын» сөзіне ұқсас. Бірақ ол жиі қолданылады: «рақмет, садағаң кетейін», «садағаң кетейін, көмектесіп жіберші».

«Құрметті халайық» – жиналған қауымға, адамдардың үлкен тобына сыпайы қарым – қатынас нысаны; құрметті қонақтар (меймандар), аяулы азаматтар - қымбатты азаматтар; қадірлі әріптестер-құрметті әріптестер, жолдастар - қымбатты достар, жігітім –жас жігіт мағыналарында жиі қарым-қатынасқа ие.

Кейбір туыстық терминдері де көпшілікке сыпайы қарым-қатынас түрі ретінде қолданылады: ағайын-туыс; қайын жұрт-күйеуі немесе әйелі бойынша туысы. Бұл өтініштер көбінесе қымбат немесе құрметті: құрметті ағайын, құрметті қайын жұрт сөздерімен бірге қолданылады. Дипломатиялық құжаттарда халықаралық сыпайылықты білдіру үшін этикеттік, комплиментарлық лексика: тақсыр, мәртебелім (жоғары мәртебелі), мырза деп аталады.

Әйелдің күйеуінің туыстарына деген үндеуі оның есімдерін дауыстап айтуға болмайтындығымен сипатталды. Қазіргі уақытта Назира ханым, Фатима ханым, Кәмшат ханым, Уәлихан мырза, Хасен мырза, Гүлсім бикеш, Әсия бибі түріндегі үндеу көп тарайды. Қазақтар қайырымдылығымен, эмоциялығымен ерекшеленетін жақын адамдарға: жаным, бауырым, қымбаттым, алтыным, көгершінім секілді тұтас сөздер жүйесін жасады. Қазақ тіліндегі сүйкімді сөздердің нысаны сыпайы сөздерден ажыратылмайды, сондай-ақ әр түрлі болып келеді. Бұл нысандар бір-бірін толықтырады. Дәстүрлі халық үндеулері әрқашан әлеуетті туыстың лақап нұсқауымен, сондай-ақ жасына сәйкес құрылды [4].

Бұл ретте аға, ағасы, ағажан (ағаке, ағакем, ағатай, ағашым) - ағасына немесе жасы бойынша үлкен басқа туысына мейірімді қарым-қатынас түрі. Бұл сөз бірнеше синонимдік қатарға ие. Бұл сөздердің әрқайсысының өзінің қайталанбас реңктері бар. Мұндай нысан басқа туыстық номинациялардан да құралады.

Жасы үлкендердің сөйлеуінде –жан аффиксі есімдерге қосылады және мәннің әсерлі және эмоциялық-экспрессивті реңімен сыпайы қарым-қатынас нысаны болып табылады:

Сапар+жан, аға+жан, Гауһар+жан, апа+жан,
Серік+жан, көке+жан, Анар+жан, әпке+жан.

Қорытынды

Жоғарыда аталған мейірімді қарым-қатынас нысаны жаным, жарығым, көгершінім сияқты қандай да бір тәсілмен түсіндіруге болады. Сондай-ақ қазақ тілінде жасы бойынша кіші балаларға қатысты кейбір ерекше өтініштер болады.

Отбасында ересектер өз балаларына және басқа жақындарына, неғұрлым жас туыстарына қатысты кейбір үй жануарларының, құстардың, хайуанаттардың төлдерінің атауына байланысты сүйкімді атауын қолданады.

Бұл сөзге –м аффиксі қосылады (- м, - ім, - ым); ешкі + м, бота+м, құлын+ым, балапан+ым, күн+ім, ай+ым және т.б.

Сөз соңында қоғам мен елдің мәдениеті үшін сөйлеу этикетінің мәні туралы бірнеше сөз айтқым келеді. Қазақ сөйлеу этикеті ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады.

Сөйлеу және сөйлеу этикеті-қоғамдағы адамның өзін-өзі сәйкестендіру көрсеткіштері. Және сөйлеу этикетін дамыту жақын арада қоғамның басым міндеті болуға тиіс. Бұл қазақ тілін сақтау мен дамыту ісіне үлкен үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Formanovskaia N.I. Речевой этикет и культура общения. — М.: Высш. шк., 2002. — 456 б.
2. Kliyev E.V. Речевая коммуникация. — М.: Рипол Классик, 2002. — С.
3. Yahatov B. Qazaqtyn halyq olenderi. — Almaty: Gylym, 1974. — 131-b.
4. Balaqaev M., Sergaliev M. Qazaq tilinin madenieti. — Almaty: Ziat-Press, 2004. — 114-b.
5. Yaliev N. Qazaq tilindegi frazeologizmdер jane tildik norma. — Almaty: Gylym.



ҒТАМЖ 16.21.23

**А.Т. Фазылахметова, аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі,
Жалпы білім беретін кафедрасы
М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті**

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз

Тіл тағдыры – ел тағдыры!

Аннотация. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда мемлекеттік тіл туралы онды қоғамдық көзқарас қалыптасып отыр.

Аннотация. В статье говорится о языковой политике, проводимой в нашей стране, о формировании взгляда общества к государственному языку.

Annotation. The article refers to language policy, carried out in our country? About the formation of society view to the state language.

Тірек сөздер: Тіл, рухани, үйрену, тәуелсіздік, тіл саясаты

Ключевые слова Язык, духовный, изучать, независимый, языковая политика

Keywords: Language, spiritual, study, independent, language policy.

Кіріспе

Еліміз тәуелсіздік алса да, тіліміз әлі бодандық қамытта. Өзегімізді өртер өкінішіміз – мемлекеттік тіліміз әлі тіл қалпында қалып отыр.

Қазақ тілінің тауқыметі таусылар емес. Өз ана тілінде сөйлеуге мүмкіндігі мен қажеттілігі болмай, өз елінде қазақтың құқығы тапталуда. Қазақ билігіне, қазақтың өзіне ұлтының мүддесі мен ана тілінің құдіреті көк тиын болып тұр.

Біздің орыс тілді биліктің мемлекеттік тілдің ұлықтығы мен құдіретін, ұлылығы мен өркениеттілігін әдейі мойындағысы келмейді. Биліктің мемлекеттік тілге қатынасы, қазақ «зиялыларының» бейқамдығы, әрекет етпей билікке бойұсына беруі, тілдік нигилизм – қоғамның қалыпты құбылысына айналды.

Объект және әдістемесі

Тіл – ұлттың маңызды және міндеттік атрибуты, ерекше белгісі, мәдени-тарихи тәжірбиесінің көрінісі, күрделі идентификациялық нышаны және оның өркениеттегі өзіндік айқындалуының қайнар көзі. Тіл – қауышудың, коммуникацияның негізгі құралы ғана емес, сонымен бірге, саяси, экономикалық, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың да күшті пәрмені. Осы мызғымас ақиқаттан туындайтын жәйт: әрбір ұлт өз тағдырын өзі шешетін болса, өзінің тәуелсіздігін қорғау мен нығайту үшін ана тілінің тұғырын биіктетіп, абыройы мен функционалдық мүмкіндіктерін жан берісіп дамытуға тиіс.

Зерттеу нәтижелері

Қазақ тілі – бұрын жарты дүниені билеген ғұндар, түркілер, бұлғарлар, оғыздар, хазарлар мен қыпшақ тілдерінің тікелей мұрагері мен заңды жалғасы. Демек, қазақ тілінің

тарихы ықпалды роман мен герман тілдерінен де көне, байырғы, ерте дүниеден бізге жеткен. Тарихта бәрі адам танымастай өзгерсе де, ежелгі қазақ тілі мен халықтың жаны, бүгінгі күнге дейін айтарлықтай өзгеріске ұшырамай, сол баяғы бір ұлттық тіл, ұлттың жаны қалпында сақталып келді. Бұған еріксіз таң қалмасқа шараң жоқ. Қазақтар, ең алдымен, сананың отарсыздануын шұғыл жүзеге асырып, жоғалтқан ұлттық бірегейлікті қалпына келтіруі керек. Өркениетті ұлт ретінде қалыптасудың жалғыз жолы – қазақ тілін қоғамға қажетті ету сатысына көтеру.

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев стратегиялық дамуымыздың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытын саралаған Жолдауында халыққа осындай үндеуімен шықты. Ана тіліміздің саяси және рухани мән-мағынасы мен мемлекеттік мазмұнын тағы да анықтап берді. Әр азаматтың міндет-парызын нақтылады.

«Егер әрбір қазақ тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата-Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді».

«Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады». «Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс».

Қай кезде болмасын, ана тілі мәселесі – сол тілде сөйлейтін, сол тілден сусындаған, ұлттық, ділдік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде, мемлекет тіліні, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді.

Қазақ еліндегі кеңсе тілінің орыс тілінде жүргізілуі – ұлтымыздың әлеуметтік бейімділігін тежеп отыр. Егер осылай жалғаса берсе, ғылым, саясат, экономика мен технология қазақ тілінде дамымаса, Қазақстан интеллектуалды-әдеби провинцияға, моралдік ескірген сапасыз ресей тауарларының өтім аймағына айналатын болады.

Немістің атышулы ойшылы Ницше: «Көп тілді білу, үйрену ана тілінің неғұрлым нәзік лингвистикалық сезімін шайқалтады, оны әлсіретіп, бұзады» деп жазды.

Көп тілді үйрену дегеніміз – қажетті түрдегі бақытсыздық, тіпті, жауыздық. Осы жауыздық шегіне жеткен кезде қандай да бір амал табуға мәжбүрлеп, бағытсыздық пен бұлыңғырлыққа әкеліп тірейді. Болашағы жоқ бұлыңғыр бағыт, алдымен, сауда тілін туғызады, сосын, кейінірек "бәрінің рухани қауышу тілі" ретінде жаңа тіл дүниеге келеді.

Тіл – ұлттың жаны мен жүрегі, болмысы мен болашағы, ерекше белгілік коды, керек десеңіз. Тіл – билік, мемлекеттік қауіпсіздік, үлкен саясат. Қай тілде сөйлесең, сол халықтың рухы, пәрмені үстем болады. Ащы шындық мынау: Қазақстандағы ұлт «зиялыларының» бытыраңқылығы, басы бірікпеушілігі, кеудомсоқтығы, қорқақтығы, бейқамдығы, шорқақтығы, сатқындығы – мемлекеттік тілдің салтанаты үшін күреске бірігуге кедергі болып тұр. Тіл үшін күресу керек.

Қазақтарда әлі күнге дейін тілдік нигилизм рецидиві, ауруы, дәлірек айтсақ, этнотілдік ренегаттық (опасыздық) орын алуда. Кейбір «пысық» қазақтар саналы түрде өз тілінен бас тартып, өзінің субъективтік пікірі бойынша «беделі күшті және келешегі зор» өзге тілге басымдық беріп, соны таңдауда.

Көптеген «пысық» қазақтар халық рухынан қол үзген. Тіл жоқ болса – халық жоқ. «Тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық – балық». Тіл толыққанды қызмет етпесе, ол өлі тіл, бұл тарихта дәлелденген. Қазақ тілі – Алланың қазаққа берген сыйы. Ана тілінде сөйлеу – адамның ойлау қабілетін, халықтың жасампаздық, шығармашылық қуатын нашарлатады.

Биліктің басын құмға көміп алған түйеқұс сияқты жасқаншақ саясаты – еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығына қауіп төндіретіндей үрейден арылтпай жүр. Егер мемлекеттік билік бұрыс жолды таңдаса, онда үрей мен қауіпке душар бола береді. Ал, дәрменсіз билікке үрейді өршіту – саяси ұпай жинауда таптырмайтын әдіс-құрал болып табылады.

Қазақ билігінің және қазақтың өзінің тілдік мәңгүрттігі, нигилизмі – шын мәнінде, болмыстан ажырау мен әдеп-ғұрыптан жаңылушылықпен қатар, нағыз рухани жеңілістің көрінісі. Қазір, өкінішке қарай, мұның өзі әрбір қазақты сипаттайтын үрдіс; бұл бәріміз үшін

эгоистік тұтынушылық, рухани құлдық, тіл мен елге деген опасыздық, сатқындық пен надандықтан басқа ештеңе де емес.

Қазақстандағы билік қазақ этносының тарихи мән-мағынасын, маңызын, оның қазіргі замандағы этно-мәдени даму деңгейін түсінбей отыр. Бүгінгі билік қазақ тілін мемлекеттік деңгейге жеткізуді "радикалды шешім" деп үрейленіп, саналы түрде, әдейі, қасақана, тежейтіндей әсер қалдырады. Данышпан Сократ: «Адам рухының бейімі қалай болса, адамның өзі де солай; адам қалай болса, оның сөзі де солай; сөзі қалай болса, ісі де солай; ісі қалай болса, өмірі де солай» депті...

Бұдан жеті жыл бұрын Әділ Толғанбаев былай жазған еді: «Қазақтарға ХХІ ғасырдың қазақ мәдениеті қажет. Ол тек ана тілінде ғана жасампаз болады. Қазақ өз жерінде барлық халықты қазақ мемлекеттілігі діңгегіне біріктіре алатын қабілетін дәлелдей алса ғана өзі дамиды. Ұлттық бірегейлену үрдісі бүкіл әлемде жүріп жатыр. Ұлттық платформаны құру – болмай қоймайтын тарихи қажеттілік. Егер мемлекетке ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетке басымдылық беру айқын болмаса, ол мемлекет – қауқарсыз.»

Жуырда Бахтияр Албани: «Тіпті, біздің заңымыз орысша жазылады және сонан кейін қазақ тіліне кеміс аударылады. Бұл абсурд. Тәуелсіз елде заң ана тілінде жазылуы керек. Жер шарында орыс тілінде сөйлейтін бар-жоғы үш парламент бар: ресейлік, белорус және қазақ. Бұл – қисынсыз жағдай ғой! Әрбір депутаттыққа кандидат қазақ тілінен емтихан тапсыру керек» деген еді.

Өзінің ана тілінде – мемлекеттік тілде – сөйлемейтін қазақтың тек сана-сезімі ғана емес, ар-ұяты да – өзінің ұлты мен мемлекетінің мүддесіне сатқындық жасайтынын түсінетін түйсік керек.

Сорақысы сол, өзі қазақ бола тұрып, бұл мәңгірттер терең қазақи болмыстан мақұрым. Егер сен ана тілінде Абайды, Әуезовты оқымасаң, өз халқыңның тілімен өмір сүрмесең, сен қалайша қазаққа ақыл үйретесің? Осындай адамдардың қазақ социумын, ұлт-мемлекетінің қаймағын бұзуға әкелетін антимемлекеттік, антиғылыми ізденістеріне қалай бей-жай қарауға болады? Ең болмағанда, мұндай мәңгірттерге қоғамдық деңгейде қарсылық туғызу керек.

Тәуелсіздіктің жиырма үшінші жылының қарсаңында әлі күнге дейін билікте мемлекеттік тілді меңгермеген көптеген қазақтар отыр. Мемлекеттік тілде ойламайтын адамды қалай саясатта, мемлекеттік билікте ұстауға болады? Лениннің өзі «саяси жезөкшелік» деген ұғымды осындай опасыздыққа байланысты қолданған шығар. Әйтпесе, қазақ тілін білмейтіндердің орнына екі тілде, мемлекеттік тілде сауатты сөйлейтін мыңдаған үміткерлер бар емес пе? Қазақ еліндегі мемлекеттік тілдің қазіргі жағдайы – нонсенс. Қазақ қазусы. Қазаққа мазақ. Күпірлік. Мұндай құбылыс тек Қазақстанда ғана бар...

Қорытынды

